

**Калдыбаева Г.Н.**, Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, филология факультеті, КО-32 тобы, студент  
(*Ғылыми жетекшісі - ф.ғ.к, доцент Такиров С.У.*)

## **КӨРКЕМ ПРОЗАДАҒЫ БЕЙНЕЛЕУ ТӘСІЛДЕР**

Көркем әдебиеттегі психологизм әдеби мәні өте күрделі мәселе. Психология бұл-жазушы шеберлігі көрсеткіштерінің бірі. Психологизм шығармадағы кейіпкердің сезім-күйін, ой-толғанысын, күйініш-сүйінішін, кейіпкеріне сөз бере отырып, оның санасындағы қақтығысқа толы рухани әлемін, жан қозғалысын тудырады. Кейіпкердің санасындағы өзгерісі, рухани қопарылысы, ішкі сезімдік құбылыстары талқыланады. Алғашқы психологиялық шығарма қазақ әдебиетіне ХІХ ғасырда орын ала бастады. Қазақ романына психологизм ұғымын енгізген М.Дулатовтың «Бақытсыз Жамал», Ж.Аймауытовтың «Ақбілек», «Қамар сұлу», «Кім жазықты?», Б.Майлин «Шұғаның белгісі», Ш.Құдайбердіұлының «Әділ-Мария», М.Жұмабаев «Шолпанның күнәсі», М.Әуезовтың әңгімелері мен Ж.Аймауытовтың туындылары. Шығармада кейіпкер психологиясын психологиялық параллелизм, диалог, монолог және ішкі монолог сияқты тәсілдер арқылы жан-жақты қарастырады. Негізгі мақсат қазіргі қазақ прозасындағы психологизмнің кейбір көкейкесті мәселелеріне ерекше тоқтала отырып, психологиялық прозаның жанрлық ерекшеліктерін айқындау.

Көркем шығарма дәлдігі-адамның ішкі әлемін, құпия-қалтарыстарын нақты бейнелеуінде. Жазушы кейіпкерінің ішкі әлемін, рухани өмірін, кейіпкерінің әрбір іс-әрекетінің себеп-салдарын көркемдік тұрғыда зерделей-зерттеп, жан-жақты талдап жазғанда ғана психологиялық шығарма талабына сәйкеседі. Олай болса ең алдымен әдебиеттегі психологизм не дегенге жауап іздер болсақ, әдебиеттегі ұғым-түсініктер сөздігіне сүйенеріміз хақ. «Литературная энциклопедия терминов и понятий» атты сөздікте: «Әдебиеттегі психологизм-шығарманың эстетикалық әлемін құрайтын кейіпкердің ішкі ойын, толғанысын, рухани күйзелісін терең әрі детальді түрде бейнелеу», делінген. Шынында да көркем шығармада кейіпкердің әр түрлі қалыптағы ішкі ой-толғаныстары әрдайым өзгеріп, іс-әрекет, сезім қайшылықтарын тудыратын психологиялық құбылыстарды тереңдетіп, күрделендіре бейнелеу психологизмнің табиғатын айқындап берері хақ [1, 3].

Кез-келген мәдениет құбылысы секілді психологизм де белгілі бір тарихи кезеңде қалыптасып, өзінің даму жолынан өтті. Және психологиялық бейнелеу құралдары көптеген көркемдік тәсілдермен байытылып, ішкі өмір заңдылықтарын тереңінен танып, меңгерді.

Әдебиеттің алғашқы кезеңінде психологизмге, яғни адамның ішкі дүниесіне үңілу сондайлық қажеттілік тудыра қоймады. Өйткені, ол кездері бірінші кезекте оқиға және сыртқы құбылыс, оқиғаға қатысты кейіпкердің тағдыры тұрды. Олардың көңіл-күйін, себеп-салдарын жан-жақты талдап, зерттеуге талпыныс жасалмады.

Олай болса, психологизм дегеніміз– кейіпкердің ойы мен іс-әрекетінің кереқарлығы, сана қақтығысынан тұратын ерекше көркемдік жүйе. Алайда осы жерде ескерер бір жәйт- әдеби психологизмде автор мен кейіпкердің ой-толғаныстары мен ой ағымдары, сана қақтығыстары қайшылыққа толы болса да жүйеліліктің сақталатындығы, ал модернистік бағыттағы жазушылар пір тұтатын «сана тасқынында» жүйеліліктің ауылы алыс екендігі.

Оған себеп те бар. Психологизм алғашқы көркем туындымен кіндіктес болғанымен оның әр дәуірдегі көрініс беруі әрқилы. Олай дейтін себебіміз, бірқатар ғалымдарымыз оның бастау арналарын Күлтегін жазбаларымен, ауыз әдебиеті үлгілерімен («Ер Тарғын», «Қыз Жібек» жырларымен, айтыстармен) ұштастыра келе, Х-ХІІ ғасырлардағы көптеген ғұламалар еңбектерінде кездесетіндігін алға тартып, Әл-Фараби еңбектеріндегі («Өлең өнері туралы трактат»), Жанақ, Махамбет, Абай, Шәкәрім шығармаларындағы ішкі сезімдердің көрініс табуы ғасырлардан ғасырларға көркем әдебиетпен бірге өркендеп келе жатқан психологизмнің заңды жалғасы екендігін сөз етеді [2, 113].

Әдебиет зерттеушісі, ф.ғ.д. Г.С.Пірәлиева өз еңбектерінде психологизмнің стильдік ерекшеліктерін атап көрсеткен болатын:

Біріншіден, психологиялық прозада оқиға, кейіпкер, кезең, уақыт, тақырып, идея, т.б. деген мәселелер алдыңғы сапқа шыға қоймайды. Ол талап та етілмейді.

Екіншіден, мұнда ең бастысы – жеке адамның ішкі өмірі, өмір мен өлім арасындағы кезеңде адамзат бастан кешетін азапты тағдыр тәлкегі, кейіпкердің күрделі тұлғаға айналуы көркемдік назарға алынады. Шығармада шым-шытырық оқиғалар тізбегінен гөрі жеке адам

санасындағы сапалық өзгеріс, рухани қопарылыс, ішкі сезімдік құбылыстар тереңдетіле талданады.

Үшіншіден, психологиялық прозаның эстетикалық, көркемдік әлемі өзінің жанрлық, көркемдік, стильдік талабына сай жеке санада жүріп жатқан ой мен сезім қайшылықтарын, сөз бен іс сәйкессіздіктерін тереңдеп талдап, көркемдік жүйеде саралайды [1, 10].

Психологиялық роман табиғатының өзі жеке адам тағдырын тек әлем, сұлулық пен ұсқынсыздық, саналы мен бейсаналы, өмір мен өлім, т.б арасындағы ымыраға келмейтін мәңгілік құндылықтар жайында ой қозғауға мәжбүр етеді. Бұл–психологиялық туындыға қойылар басты шарттың бірі. Психологизм, сөз жоқ, реализмге апарар сүрлеу екені мәлім. Рас, ол әр түрлі көркемдік әдістер шеңберінде көркемдік-эстетикалық қызмет атқарады. Психологизм де реализм сияқты көзбен көріп, қолмен ұстайтын нәрсе емес. Оны сезуге, тануға, көкейде қорытуға жіті назар, рухани дайындық, парасат, көңілдің өткір жанары керек. Көптеген көркем шығармаларда аталмыш бейнелеу арнасы ту ұстап, ұран салып тұрмайды, өңін жасырып, сырын бүгіп, жеті қат жердің астындағы қымбат асылдау бой-тұлғасын тереңде сақтайды [3, 9].

Шынында да көркем шығармада кейіпкердің әр түрлі қалыптағы қарма-қайшы дүниетанымын, көзқарастарын, іс-әрекеттерін, көңіл-күйлерін тереңдей талдап, жан-жақты бейнелеу психологизмнің көркемдік табиғатын танытады.

Әдеби туындыны психологизмнің арнаулы бейнелеу құралдарының көмегімен суреттей отырып көркемдік құндылыққа жетуге болады. Әлемнің маңдай алды әдебиет зерттеушілері оның алғашқы пайда болу тарихын түрліше жорамалдайды. Әлем әдебиеті тарихында шын мәніндегі прозадағы психологизмнің алғашқы белгілерін XVII ғасырда Мадам де Лафайеттің «Принцесса Клевская», Аббат Превонның «Манон Леско», Шодерло де Лаклонның «Қауіпті байланыстар» романдарынан кездестіреміз. Ал нағыз «психологиялық романның атасы» Бенжамен Констанның «Адольф» (1807 жылы жазылып, 1815 жылы басылған) романы деген пікір бар. Прозадағы шын мәніндегі нағыз психологизм XIX ғасырда қалыптасқаны мәлім.

Орыс әдебиетінде прозадағы реалистік психологизмнің теориясын қалыптастырған жазушылар ретінде Л.Н.Толстой мен Ф.М.Достоевскийді мойындайды. Л.Н.Толстой нағыз аналитикалық психологизмнің негізін салып, психологиялық бейнелеу әдіс-тәсілдерін жаңа үлгілермен байытты. Ф.М.Достоевский психологизмнің «Бедные люди» шығармасында эпистолярлық түрін, яғни хат арқылы ішкі сырды ақтару, «Двойник», «Қылмыс пен жаза» сананың екіге жарылуы сынды әдістерді айналымға ендірді. Шамамен 1910-1920 жылдары Европа әдебиетінде Достоевский дәстүрін үлгі тұтқан шығармаларына адамның ішкі «Менін» және сезімдер әлемін, сана мен түйсіктің жұмысын арқау еткен модернизм ағымы пайда болды. Әлем әдебиетінде оның ірі өкілдері ретінде Марсель Пруст, Джеймс Джойс, Франс Кафка танылған. Бұл ағым өкілдері әдебиет пен басқа да өнер түрлерінде батыл жаңалықтар енгізуімен және түрлі эксперименттер жасауымен ерекшеленді. Соның негізінде әдебиетте дадаизм, сюрреализм, футуризм, экспрессионизм, сияқты басқа да авангардтық ағымдар бой көтерді. Бірақ модернизмнің негізгі бастауы ретінде С.Кьеркегор, М.Хайдеггер, К.Ясперс, Н.Бердяев экзистенциализмі, З.Фрейдтің психоталдауы, Э.Гуссерльдің феноменологиясы танылды. Модернистер әлемдік деңгейдегі қоғамдық қайшылықтар, санадағы қақтығыстар кезінде адам дүниенің мағынасыз екенін, өзінің фәнидегі жалғыздығын түсінеді деген пікірлерді алға тартты. Ал XX ғасырдың 50-60 жылдары әлемді танудың көркемдік құралы ретінде постмодернизм ағымы қалыптаса бастады [4, 56].

Ұлы суреткер М.Әуезов айтқандай нағыз көркем прозаға «... психология араласпаса өзгенің бәрі сылдыр су, жабайының тақ-тақ жолы» екендігі күмәнсіз [5, 129].

Шығарманың оқырман көңіліне әсер етуі, жеткізе білуі өте маңызды жәйт. Сол себептен, әр автор өз шығармасын сан қилы көркемдеулер қосу арқылы әрлейді.

Психологиялық талдаудың күшті компоненті - ішкі монолог. Бұл орайда орыс ғалымы Т.Мотылева: «Адам өз сөздерінен гөрі, ойларында әлдеқайда ашық болады. Ішкі монолог ол XIX ғасырдың бірінші жартысында ұлы реалистердің адам ойының мән ашудағы басты тәсілі болды. Онда сырт көзден бүркемеленіп, ашық айтылмайтын мән-мағына бар» [6, 179], - деген пікірді айтады.

Көркем прозадағы бейнелеу тәсілдердің бірі – ішкі монолог (кейіпкердің ішінен айтылатын сөз, іштей сөйлесу, өзімен – өзінің сырласуың, өзінді –өзің іштей саралау) көрінісі жан-жақты қарастырылып, арнайы зерттеу объектісіне айнала қойған жоқ. Ал, ішкі

монологсіз күрделі де көркемдік дәрежесі биік, нағыз танымды туындының дүниеге келуі мүмкін емес.

Жалпы ішкі монологтың кейіпкер образын ашудағы қызметі орасан зор. Ішкі монолог пен ой ағысы тәсілдерінің көркемдік қызметі сөз жоқ, тың тақырып.

Ішкі монологтың екі түріне үлкен ғылыми тұрғыда талдау жасаған болатын. Оның біріншісі – шығарманың бейнелеу өрісіне монологқа айналған сана-сезімнің қаншалықты дәрежеде қатысы барын айқындауға байланысты көрінеді. Оның өзі үш түрлі жағдайда көрініс табады. Бірінші санадан, еркіннен мүлдем тыс ішкі монолог (безсознательность), екінші жарым-жартылай саналы, кейде санадан тыс сәттегі ішкі монолог, ол көбінесе, «ой ағысы» (поток сознание) тәсіліне ұласып жатады. Ал үшінші өзін бақылай, қадағалай алатын, жүйелі түрде бағыты айқындалған, шын мәніндегі ойлау үрдісін білдіретін ішкі монолог. Оның қосалқы бір түрі автор өзі тікелей оқиғаға, әрекетке талдау жасайтын монолог [6,6].

Ал, екіншісі – оқиғаға қатысатын кейіпкер монологына автордың (әңгіме айтып отырған адамның) қаншалықты дәрежеде қатысы барын айқындауға байланысты. Ішкі монологтың бұл түрінен бірінші, екінші, үшінші жақпен баяндау түрлерінің қай-қайсы да тікелей сабақтас болып келеді.

Ал ішкі монолог тәсілінің әдеби процесте қалай дамып, дәстүр жалғастыруда қандай дәнекерлік жасағанын, ішкі монолог тәсілінің берілу формаларының ерекшеліктері т.б. секілді келелі мәселелер М.Әуезовтің алғашқы әңгімелері («Қорғансыздың күні», «Қаралы сұлу») мен «Абай жолы» роман-эпопеясындағы ішкі монолог, оның ерекшеліктері мен дамуындағы творчестволық ізденістері. Бұдан көңілге түйгеніміз — М.Әуезовтің таза психологиялық көркем прозаның классикалық үлгісін жасап, шынайы шеберлікке жеткендігі.

Міне, қазақ әдебиетінде психологизм бағыты өріс ала бастады. Көркем әдебиеттігі психологизм табиғаты – ғылыми, әдеби мәні өте мол күрделі мәселелердің бірі.

Ол туралы арнайы зерттеу сипаты пікір Н.Г. Чернышевский және де Л.Н. Толстой шығармашылығына қатысты нәзік топшылау тұжырымдарынан басталатын тәрізді. Сыншы тұңғыш рет осынау көркемдік-эстетикалық принциптің мазмұны мен ішкі бағдары туралы терең байламдар түйген еді. Біраз уақыт тасада қалған психологизм бағдары қазіргі таңда, қоғамдық ойдың жаңа белесінде қайта көтеріліп, өмірлік-эстетикалық мағына алып, әдеби процесте қайта өрістеп отыр.

Белгілі әдебиеттанушы, ф.ғ.д. Б.Майтанов: «...психологизм сөз өнерінің тектік белгісі ... қаһарманның рухани әлемін, жансырын жеткізудің амал-тәсілдерінің жиынтығы...», -дейді [7, 4].

Шынында да көркем шығармада кейіпкердің әр түрлі қалыптағы ішкі ой-толғаныстары әрдайым өзгеріп, іс-әрекет, сезім қайшылықтарын тудыратын психологиялық құбылыстарды терендетіп, күрделендіре бейнелеу психологизмнің табиғатын айқындап берері хақ [1, 3].

Ғылыми сында психологиялық талдаудың аналитикалық, синтетикалық яки динамикалық психологизм атты ұғымдары бар. М.Храпченко Н.Гоголь шығармашылығын зерттеп, типологиялық психологизм ұғымын енгізген. Психологизмнің бұл түрін Б. Майтанов Мұхтар Әуезов шығармашылығымен байланыстырып «тұйық психологизм», - деген ат береді. Бұл синтетикалық психологизмнің өзгеше бір сергек те, сыпайы түрі деуге келеді. Синтетикалық психологизм дегеніміз - қоғамдық тартыстағы кейіпкер көрсететін іс-әрекет, қақтығыстар сыртқы кескін-келбет, бет-жүздегі құбылулар [8, 86].

Өзектес сана ағымындағы күрделі толқындарды суреттеу, ішкі толғаныстарды көрсету, жан диалектикасын бейнелеу-аналитикалық психологизм деп аталады. Адамның сезім-күйін, ой-толғанысын, күйініш-сүйінішін барлық қайшылығымен асқан шеберлікпен шынайы әрі дәл де нанымды нақышпен бейнелейтін психологиялық романның ерекшелігі жанрлық талап пен автордың кәсіби шеберлігінде жатыр.

Психологиялық романның көркемдік әлемін Ф.М. Достоевскийше түсінсек, бар мәселе-автордың оқырманды өз кейіпкерінің ішкі өміріне қалай ендіруінде жатыр. Кейіпкеріне сөз бере отырып, оның сана ағымын, қақтығысқа толы рухани әлемін, жан қозғалысын нәзік детальдармен бейнелей білу нағыз шеберліктің шыңы [8, 88].

Әдебиет кейіпкерлерінің өз ұғым түсінігіндегі өзгеріс нышандарына көңіл қою шақтары, нақты іс-қылығына айналасына, жекелеген субъектілерге қатысты толғану, күйзелу, тебірену сәттері—психологиялық талдаудың қайнар көзі. Дара басындағы түрлі сана, сезім импульстарына назар аударып, толымды баға беру, байлам жасау әдеті рухани, адамгершілік өрісі мол интеллектуал қаһарманға лайық. Бірақ әр дәуір шығармаларының бәрінде дерлік

негізгі қаһармандар өмір шындығына сәйкес биік ой, сана үдесінен шыға бермейтіні аян. Сондықтан уақыт, қаламгер стилінің сипатына қарай адам психологиясын өрнектеу принциптері де әр түрлі.

Көркем әдебиеттегі психологизм табиғаты – ғылыми, әдеби мәні мол күрделі мәселе. Ол туралы арнайы зерттеу сипатты пікір Н.Г. Чернышевский, Л.Н. Толстой шығармашылығына қатысты нәзік топшылау тұжырымдарынан басталатын тәрізді. Сыншы тұңғыш рет осынау көркемдік-эстетикалық принциптің мазмұны мен ішкі бағдары туралы терең байламдар түйген еді. Біраз уақыт тасада қалған психологизм бағдары қазіргі таңда, қоғамдық ойдың жаңа белесінде қайта көтеріліп, өмірлік-эстетикалық мағына алып, әдеби процесте қайта өрістеп отыр.

Әлеуметтік-психологиялық талдаудың үш түрлі мәнін ашып айтатын А.Иезуитов: «Біріншіден, психологизм сөз өнерінің тектік белгісі, ажырамас қасиеті, көркемдік кепілі есебінде көрінеді», – деп, мәселенің ең түйінді тұсын жіті пайымдайды. Шынында да, әдебиет, саясат пен ғылым, өнер негізінен табиғат, қоғам, жеке адамдар тіршілігін бақылау, топшылау, өзгерту, жаңарту ниетін көздейтінін даусыз. Сондықтан олар сансыз көп салалық өзгешеліктеріне қарамастан, белгілі бір әлеуметтік топтардың арман-мұратын, мақсат-сезімін білдірмек. Көкемөнер, әрине,– ой мен көңілдің ажырамас одағы. Әрбір туынды онда бейнелеетін өмір суреттерінің толымдылығы және шынайылығымен бағалануға тиіс. Көркемдік-шынайылық болса, оны ұғындыратын әрі ұғатын адамдар жалпы үрдістерден өзге жеке сезімдік әуендерді тыңдауға бейім. Сондықтан, көркем шығармадағы өмір шындығының ең жоғары деңгейі психология заңдылықтарымен сабақтас. Қаһарманның рухани әлемін, жан сырын жеткізу амал-тәсілдерінің жиынтығы немесе идеялық-эстетикалық, шығармашылық феномен-психологизм.

Кез-келген мәдениет құбылысы секілді психологизм де белгілі бір тарихи кезеңде қалыптасып, өзінің даму жолынан өтті. Және психологиялық бейнелеу құралдары көптеген көркемдік тәсілдермен байытылып, ішкі өмір заңдылықтарын тереңінен танып, меңгерді.

Әдебиеттің алғашқы кезеңінде психологизмге, яғни адамның ішкі дүниесіне үңілу сондайлық қажеттілік тудыра қоймады. Өйткені, ол кездері бірінші кезекте оқиға және сыртқы құбылыс, оқиғаға қатысты кейіпкердің тағдыры тұрды. Олардың көңіл-күйін, себеп-салдарын жан-жақты талдап, зерттеуге талпыныс жасалмады.

Бертін келе психологизмнің «техникалық» жан-жақты дами бастады. Мәселен, ішкі әлемді бейнелеудің өнімді тәсілдері мен түрлері, авторлық баяндау, көркемдік деталь, түс көру тәсілдері мен оны жорыту-жоралғыларының көптеген композициялық-баяндау түрлері, психологиялық пейзаж, кейіпкердің сезімдік көңіл-күйін табиғатпен теңестіре суреттеу-психологиялық параллелизм кеңінен қолданыла бастады. Ішкі монологты ішкі сөз заңдылығына бағындыра отырып, белсенді түрде қолдану қолға алынды. Осылардың нәтижесінде күрделі ішкі әлемді, жан қозғалысын ашу, ой мен іс-әрекеттегі қайшылықтардың себеп-салдарын, сана астарын талдау, игеруге деген алғашқы баспалдақтар жасалды [1, 160].

«Дала уәлаяты» газетінде, «Айқап» журналында жарық көрген тұңғыш әңгімелерді ішкі монолог мысалдары кездеседі. Біршама ілгерілеу Спандияр Көбеевтің «Қалың мал» романы мен С.Сейфуллин тәрізді алғашқы қазақ совет суреткерлерінің шағын қара сөз жанрларында жүзеге асқаны аян. С.Мұқановтың «Ботакөз» романында қаһарманның ішкі монологы әралуан сюжеттік жүрістердің психологиялық мәнін ашу үшін жиі қолданылады [7, 138].

Психологиялық талдау-адам жан дүниесіндегі барынша шынайы қасиеттерді терең ашып, көрсету құралы. Әдебиет сезім асқақтығын, ар тазалығын ең басты ұнамды сапалар ретінде мол дәлел-дәйекпен бейнелеуде, сол арқылы реализм шынайылығын танытуда өміршең дәстүр қалыптастырған. Алайда кейіпкердің ішкі әлеміне үңілу бұл бағдардағы тек бірден-бір көркемдік-эстетикалық тәсіл ғана болмаса керек. Шығарма қаһармандарын бір-бірінің көзімен көрсету, өзге кейіпкердің іс-әрекетін, мінез-сипатын авторлық позициямен сәйкес бас кейіпкердің ой-сезімі арқылы бейнелеу-психологизмге тән ұтымды әдістердің бірі [7, 214].

Шынымен де, психологиялық талдау- әдебиеттің ең жанды жері. Мәселе кейіпкердің белгілі бір жағдайдағы көңіл күйін, ой толғанысын жеткізу, жә болмаса оның әрекет-ісінің ішкі мотивтерін ашып тастау жайында да емес. Мәселе-характер жасаудың сипатына. Сөйтіп психологиялық талдау адамның белгілі бір әрекет үстіндегі сезім күйінің өзін ғана емес, негізінен оның бір күйден сан күйге ауысып дамыған диалектикалық процесін суреттейді [8, 271].

Әлемдік ойдың көкжиегін кеңейткен қазақ романдары шеберліктің алтын қайнары есепті адам жан-сезімін тану өнерін игерген қаламгердің еншісі екен. Жан сырын тану ұшы-қиырсыз болмыс ақиқатын тану жолындағы қимас сәттер болып қала бермек. Психологизм-көркем әдебиеттің тұтас болмысынан ажырамас қасиет. Біз ол жағдайды байқай бермейміз. Сонымен бірге психологизм-көркемдік бейнелеу принципі, ойлау типі, жазушы талантының төл белгісі әрі стиль көрінісі.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- 1.Пірәлиева Г.Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері.Монография.-Алматы:Алаш, 2003.-328 бет.
- 2.Рүстембекова Р. Қазіргі қазақ әңгімелері. –Алматы: «Жазушы», 1988. -174 б.
- 3.Майтанов Б. Қазақ романы және психологиялық талдау.-Алматы, «Санат», 1996.-336 бет.
- 4.Майтанов Бақытжан. Қаһарманның рухани әлемі: Зерттеулер.-Алматы: Жазушы, 1987.-232 бет.
- 5.М.Әуезов. «Анкетаға жауап». Алматы, «Жұлдыз», №10. 1991.-126.
- 6.Мотылева Т. Внутренний монолог и «поток сознаний»//Вопросы литературы, 1986,№1 с.179
- 7.Майтанов Бақытжан. Көркемдік нәрі: Әдеби-сын мақалалар.-Алматы:Жазушы, 1983.-184 бет.
- 8.Г.Пірәлиева Ішкі монолог, Алматы Ер-Дәулет 1994,

**Камиев Ұ.,** Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті, ГМУ-18-1к тобының студенті  
(*Ғылыми жетекші - ф.ғ.к., доцент Акатаева Ш.Б.*)

## ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

Адам атаулы Алланың жаратылысы ағаштан түсіп ақыл-есі кіргенше жануарлардан еш айырмашылығы болмаған деседі білетіндер. Яғни, адамды адам қылған ақыл-есі, рухани байлығы. Сол уақыттан бері әлемге тараған адамзат өркениеттерінің әрқайсысына тән өзіндік рухани мәдениеті қалыптасқан. Қазіргі қазақ халқының рухани мәдениетінің бастау бұлағы, түп тамыры көшпелі ата-бабалар өркениетінде жатыр. Тарих дәлелдеген бір шындық бар: рухани мәдениеттің ғұмыры материалдық мәдениеттен әлдеқайда ұзақ. Көшпелі бабаларымыздың тіршілікті тану, өмірге деген көзқарастарының өзгешелігі материалдық мәдениеттің күйреуге бейім екендігін түсінуінде. Күйреген Отырардың қалдықтары құм астында көміліп қалса, сол қаланың перзенті Әбу Насыр Әл-Фараби күллі дүние жүзінің «екінші ұстазы» атанып, есімін елдер жатқа біледі. «Ақтөбе» атты үлкен төбеге айналып, үнсіз жатқан Баласағұннан шыққан кешегі даңқты қаламгер Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» атты еңбегін бүгінде әлем таниды. «Туған жерім – мүбәрәк Түркістан» деп жырлаған Түркістан перзенті Қожа Ахмет Йасауиді барша түркі халықтары рухани пір тұтса, әлем халқы оның әдебиет әлеміндегі баға жетпес орнын бірауыздан мойындайды.

Адамзат табиғат заңдылықтарына анағұрлым бағынышты замандарда түбіміз болған түркі халқы өз тарихтарын ұрпағына жеткізу үшін жауын мен дауылға төзімді, шапқыншылықта шатынамайтын, жалынға салса жанбайтын балбал тасқа қашап кеткен. Бұнымен қоймай сол кездегі оқиғалар желісімен небір аңыз, ертегі, жыр-дастандар қалдырып ұрпағына баға жетпес құндылықтарды сыйлаған.

Заман көшімен ілесіп сонау ұлы империяның ұрпағы – қазақ халқы ХІХ-ХХ ғасырларға аяқ басады. Қалыптасқан күннен бастап бір байыздап өмір сүрудің орнына күн-түн демей атамекенін қорғаумен өткен қазақ халқына дәл осы жылдары ерекше қиын-қыстау кезең болды, өмір мен өлім күресі болды десек қателеспеспіз. Талай шапқыншылық пен отарлаудың кесірінен тыныш қана аңыз-ертегілерін айтып жүретін ата-әжелердің көз жасы таусылып, боз бала мен бойжеткендер білім қуғанның орнына қолдарына қару алуға мәжбүр болды. Осылай басынан қайғы бұлты сейілмей наданданып қалған халықты ағарту мәселесі туындады. Абайдан басталған ағартушылар мен зиялы қауым көші елінің көзін ашу үшін жанын қиюға әзір болған. Абайдың «біріңді, қазақ, бірің дос көрмесең, істің бәрі бос», «ғылым таппай мақтанба» деген секілді терең философиялық ой-пікірлерімен сусындаған Алаш ардақтылары қажырлы еңбектері мен күрескерлік рухтарының арқасында елдің ұлттық сана-сезімін оятты. «Маса» болып құлақтарына ызындады, «Оян, қазақ!» деп ұран салды.

Қазақ халқының рухани мәдениетін жаңғырту жолында орасан үлес қосып, Кеңес құрсауында болса да ұлттың ұлт болып тұруына негіз болған келесі буын – әдебиет алыптары.